

# Этнолингвистика

Зерттеуші: Ардақ Арайлым Ардаққызы

Топ: 108

Ғылыми жетекші: Ақыш Ботагөз Өтегенқызы

# Жоспар:

---

- 1. Этнолингвистика туралы мәлімет.
- 2. Тіл және этнос.
- 3. Этнолингвистика және антропологиялық лингвистика.
- 4. Диахрониялық және синхрониялық лингвистика.
- 5. Тіл және мәдениет.
- 6. Объективтік шындық, тілдік таңбалау, кеңістік және уақыт.
- 7. Әлемнің тілдік бейнесі.
- 8. Тіл және стереотиптер.
- 9. Қорытынды.



# ЭТНОЛИНГВИСТИКА

---

- Этнолингвистика – этностың болмысынан туындап, санасында сараланып, тарихи жадында сақталып, тіл арқылы ғасырлар бойы қалыптасқан рухани-мәдени мұра ретінде атадан балаға, әулеттен нәсілге ауысып келе жатқан дәстүрлі мирасты жаңғыртып, танымдық мәнін ашып, болашақ ұрпаққа ұсыну мақсатына байланысты дүниеге келген тіл білімінің күрделі де құнарлы саласы. Этнолингвистика – жалпы ғылымға тән дифференция процесінің тіл біліміндегі бір көрінісі іспетті іштей жіктелудің нәтижесінде пайда болған. Тіл білімінің экстралингвистика, психолингвистика, паралингвистика, т.б. салаларымен қатар тұрады. Этнолингвистикалық көзқарас алғаш 19 ғ-дың 2-жартысында В.Гумбольдт, А.А. Потебня зерттеулерінде пайда болды. Сондықтан Э-лық зерттеулердің бірде сөздік қордың қойнауында сақталып көне дәуірден келе жатқан байырғы лексиканың мазмұнын ашуға бағытталғанын білсек, бірде этнос болмысынан, дүниетанымынан туындаған тілдік фактілердің сырын ашып, пайда болуын айқындауды мақсат еткенін көреміз

# Этнос

- Этнос, этникалық қауымдастық - [грек, ethnos - тайпа, халық] - бір халықты екіншісінен ажыратуға мүмкіндік беретін ортақ белгілері бар қауымдастық. "Этнос" ұғымы әлі күнге бірыңғай түсіндірілмейді. Кең мағынада, "этнос" ұғымын көпшілік зерттеушілер барлық дәрежедегі этникалық жүйелер жиынтығы ретінде түсіндіру қалыптасқан (тайпа, халық, ұлт және т.б.). Алайда, кейбіреулер (Л. Н. Гумилевтан кейін) оны негізгі жүйе ретінде қарастырады (субэтностар, суперэтностармен қатар және т.б.).
- Тар мағынада алғашқылардың бірі болып "этнос" ұғымына анықтама берген М. Вебер: "Этнос - мүшелері сыртқы бейнелерінің, әдет-ғұрыптарының ұқсастықтарына қарай немесе ортақ отаршылық не көші-қонды басынан өткерген тағдырлас тарихына қарай өздерінің шығу тектерінің бір екендігіне сенетін топ". Бұдан кейін де көптеген зерттеушілер этносқа аумақ, тіл, дін ортақтығының негізінде өзінше анықтама беруге тырысты. Алайда, Л. Н. Гумилевтің пікірінше, аталған белгілердің бірде-бірі жалпыға бірдей, кез келген этносқа қолданыла бермейді, мұнымен бірқатар зерттеушілер келісті.
- Этнос ең алдымен, мәденитілдік қауымдастық. Этностың пайда болуында аумақ және әлеуметтік қарым-қатынас тілінің ортақтығы шешуші фактор болып табылады. Саяси кеңістіктің ортақтығы мен халықтың әлеуметтік және шаруашылық әдістерінің ортақтығы да маңызды рөл атқаратыны сөзсіз.
- Этникалық ұйысудың басты тетігі салт-дәстүр, әдет-ғұрып түрінде мұраға қалатын мәдениет болып табылады. Этникалық қауымдастық мағынасындағы этнос ретінде көбіне бірыңғай атауы, ортақ мәдениет элементтері бар, тағдарлас тарихы бар, ерекше географиялық ортадағы топтық ынтымақтастық танытатын адамдар тобын атауға болады.



- Ғылымға дейінгі кезең, ойлау кезінде адамдар оларды шақыратын идеялар мен қарапайым сөздерді қолданғанда,
- атаулары прото-терминдер болып табылатын арнайы өкілдіктермен жұмыс жасайтын протеоологиялық ғылыми кезең (ерте, алғашқы ғылыми)
- Ұғымдар мен терминдермен жұмыс жасаудың ғылыми кезеңі.
- Әр түрлі хронологиялық дәуірлермен байланыстырылған сәйкес концептуалды жүйелерді жобалау құралы ретінде қызмет ететін терминологиялардың синхрондалған бөлімдерін салыстыру кезінде әлем картинасының нақты концептуалды фрагментінің даму қарқынын, оның сандық және сапалық тарихи өзгерістерін, жекелеген ғылыми пәндердің мамандануы мен фрезерлеу кезеңдерін анықтауға болады. Бұл ғылыми ойдың дамуын жеделдетудің себептері мен жағдайларын анықтауға бағытталған ғылыми зерттеулер үшін сенімді негіз бола алады. Бұл сонымен қатар тарихи жағдайлар мен мәдени даму тенденцияларын қайта құруға мүмкіндік береді. Сондықтан антропологистика эпистемология, антропология, ғылым туралы ғылым, даму психологиясы, әлеуметтік психология, этнолингвистика және лингвокультурология сияқты ғылымдармен байланысты.

# Тіл және мәдениет

---

- Тіл – мәдениеттің өмір сүру формасы болса, мәдениет – оның ішкі мазмұны.
- Қазіргі тіл біліміндегі зерттеулерде қарастырылып жүрген жаңа бағыттың бірі тіл мен мәдениет байланысына арналған. Көптеген зерттеу еңбектерінде тілдегі ұлттық танымды, ұлттық рухты, ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған жұмыстар сөз болып келеді.
- Бірқатар зерттеушілер тіл – мәдениетті танытушы құрал ғана емес, тілдің бойында оның (мәдениеттің) арқауын құрап, негізін қалайтын ұлттық рухтың ізін айқындап тұратын ұлы күш. Ұлттық мәдениеттің тірегі тілде. Қазақ халқының этностық, ұлттық мәдениеті, негізінен тілде көрініс тапқан. Осы орайда тіл – ұлттық болмысымен қалыптасқан төл мәдениетіміз сақталған негізгі көздердің бірі екенін айтады.
- Біздіңше, сонымен қатар тіл – мәдени мұраларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырушы құрал. Тілші-ғалым Ә.Қайдар: «Кез келген тілдің қоғамда өзара байланысты үш түрлі қызметі бар. Оның басты қызметі – коммуникативтік, яғни қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасап, бір-бірін түсінуі, пікір алысуы үшін қажетті қызметі. Оның екінші қызметі – көркем шығарма тіліне тән, адам баласына образ арқылы ерекше әсер ететін, ләззат сыйлайтын эстетикалық қызметі. Тілдің бұл қызметі, әрине қаламгердің шеберлігіне, сөз саптау мәдениетіне тікелей байланысты. Ал тілдің үшінші бір қызметі, ғылыми терминмен айтқанда аккумулятивті қызметі деп аталады. Ол – тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп, қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жиып, сөйтіп оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын қасиеті»



# Кеңістік пен уақыт, философияда – философиялық категориялар

- Кеңістік пен уақыт, философияда – философиялық категориялар Кеңістік пен уақыт категориялары бір-бірімен тығыз байланысты, олардың бірлігі кез келген жүйенің қозғалысы мен дамуынан көрініс табады. Ежелгі дәуір философиясы мен ғылымында Кеңістік пен уақыт категорияларын жүйелеу принципі өзгешелеу болды. Ежелгі грек ойшылдары (Платон, Аристотель) физ. нысандар мен құбылыстарға матем. (геометриялық) сипаттама беру ықтималдығын жоққа шығарды. Орта ғасырлар ойшылы Ф.Аквинский матем. кеңістік пен ақырғы нақты физ. кеңістік (орын) арасындағы айырманы ажыратып қарады. Қайта өрлеу дәуірінде қиялдағы геом. фигуралар және олардың арақатынасы ретінде көрініс тапқан кеңістік ұғымы, атап айтқанда кескіндеме өнерінің келешегі туралы ілімнің дамуына байланысты, алдыңғы қатарға шықты. Жаңа дәуір ғылымы мен философиясы схоластикалық дәстүрге қарама-қарсы бағытты ұстанды, кеңістік туралы бұрынғы түсініктерді жоққа шығарды. Спиноза тұрқылықты (протяженность) жалғыз құдайлық субстанцияның шексіз белгілерінің бірі деп қарастырды; оның пайымдауынша, мұнда адамның ақыл-ойы танып-білетін белгілі екі нәрсе ғана бар, олар: тұрқылық пен ойлау. Декарт та кеңістікті тұрқылыққа теңеді, оны ойлаумен бірге өздігінен бар тәуелсіз субстанция сипатындағы материяға ұқсастырды, яғни кеңістікті өзінің өмір сүруі үшін бірыңғай және жалғыз субстанция болып табылатын Құдайдан басқа ештеңеге мұқтаж емес мәңгі бар болу деп пайымдады.

# Этникалық стереотиптер

- Этникалық стереотиптер дәстүрлі мәдениет жүйесіндегі фольклор туындылары мен аңыздар негізінде қалыптасқан бейнелер негізінде жа- салады. Этникалық стереотиптерді зерттеумен этнографтар, этнологтар, мәдениеттанушылар, фольклористер, этнолингвистер айналысады. Психолог Ю.А. Клейнердің айтуынша этника- лық стереотип «... өз ұлты мен өзге ұлттық топтарға байланысты қалыптасқан халық санасындағы бейне. Әдетте мұндай суреттер немесе түсініктер қоғамда кең тарауға бейім, соған сәйкесінше, стереотиптер өте қарапайым және объективті шындыққа сенгіш келеді».
- Этномәдени стереотиптер бағыты бойын- ша этноәлеуметтік стереотиптерге ұқсас, алай- да оларға қарағанда неғұрлым жалпы сипатқа ие. Этномәдени стереотиптер кең таралған,
- сондықтан жиі қайталанады және тұрақты. В.А. Маслова: «...этномәдени стереотиптер – бұл қандай да бір халықты сипаттайтын ерек- шеліктер туралы жалпыланған көрініс», – дейді.



# ҚОРЫТЫНДЫ

---

- Әлемнің тілдік бейнесіндегі ұлттық-мәдени ерекшеліктер мен ондағы стереотиптердің ролін талдай отырып, мынадай тұжырым жасауға болады: кез келген этностың әлем бейнесі туралы пайымы сол этнос мүшесі қолданған сөздер мен сөйлемдерден, сол этнос өмірі мен тіршілігінен алынған мәтіндердің мазмұнынан ерекше жарқырай көрінеді және ол барлық мәдени стереотиптер үшін іргетас ролін атқара алады. Көптеген зерттеушілер пікірі әлемнің тілдік бейнесінің мифтердің, метафоралардың, коннотативті сөздердің көмегімен пайда болатындығын айтады. Осы аталған тілдік бірліктерді талдау ұлттық мәдениеттің өзіндік айырмашылығы мен ерекшелігін, өзгешелігін түсінуге көмектеседі.

# Қолданылған әдебиеттер

- .: Копыленко М.М., Основы этнолингвистики, А., 199«Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл. ISBN 5-89800-123-9, X томб. Ә. Қайдар[1]
- ~~Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі — Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005 жыл. ISBN 9965-409-88-9~~
- Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Ғылымтану. Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын- Павлодар: ҒӨФ «ЭКО», 2006
- 1 Апресян Ю.Д. Избранные труды. Т. I. Лексическая семантика: синонимические средства. 2-е изд., испр. и доп. – Москва: Языки русской культуры, 1995. – 464 с.
- 2 Толстая С.М. Стереотип и картина мира // Материалы международной научной конференции «Этнолингвистика. Ономастика. Этимология: Екатеринбург, 8–12 сентября 2009 г. – Екатеринбург: Изда-во Уральск. ун-та, 2009. – С. 262–264.
- 3 Бартминьский Е. Базовые стереотипы и их профилирование // Стереотипы в языке, коммуникации, культуре: Сборник статей / Сост. и отв. ред. Л.Л. Федорова. – Москва: РГГУ, 2009. – 598 с.
- 4 Чеснокова О.С. Национально-этнические образы в испанской фразеологии // Стереотипы в языке, коммуникации, культуре: Сборник статей / Сост. и отв. ред. Л.Л. Федорова. – Москва: РГГУ, 2009. – 598 с.
- 5 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – М.: Гнозис, 2004. – 390 с.
- 6 Рыклин М. Сознание в речевой культуре // Террорологии. – Москва; Тарту: Эйдос, 1992. – С. 5.
- 7 Клейнер Ю.А. Формулы и клише // Речевые и ментальные стереотипы в синхронии и диахронии: Материалы международной научной конференции. – С. 374.
- 8 Маслова В.А. Лингвокультурология. – Москва: Академия, 2001. – 208 с.
- 9 Прохоров Ю.Е. Русские: коммуникативное поведение / 2-е изд., испр. и доп.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ

---